

Әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 19 желтоқсан N 1987. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.05.11. N 606 Жарлығымен. ~U010606

Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесін құру, нарықтық экономикаға өту жағдайында еңбек жанжалдарының алдын алу мен оларды шешу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, республикалық кәсіподақ бірлестіктері мен жұмыс берушілер арасында еңбек және өзге де әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөнінде жыл сайын республика деңгейінде Бас келісім жасап отыру практикаға енгізілсін. Бұл келісімдегі басым бағыттар келісуші жақтардың халықты жұмыспен қамту, еңбекке ақы төлеу мен азаматтарға басқа да әлеуметтік кепілдіктер беру және халықтың халі неғұрлым нашар топтарын әлеуметтік жағынан қорғау, экономикалық реформаларды жүргізу мүддесі үшін татулық пен ұлттық келісімді қамтамасыз ету саласындағы міндеттемелері деп белгіленсін.

Бас келісімнің жобаларын әзірлеуді, оның іске асырылуына бақылау жасауды және ұжымдық еңбек дауларын /жанжалдарын/ реттеуді келісімге қатысушы жақтар құратын Республикалық үшжақты комиссия жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік басқару органдары, кәсіподақтар мен олардың бірлестіктері және меншік иелерінің /жұмыс берушілердің/ өкілдері арасында осы тектес облыстық және салалық /тарифтік/ келісімдер жасау тиімді деп танылсын және тұрақты жұмыс істейтін облыстық, салалық үшжақты комиссиялар құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Бас келісім, облыстық және салалық /тарифтік/ келісімдерді әзірлеу мен оларды жасау тәртібі туралы;

әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты тұрақты жұмыс істейтін комиссия туралы ережелерді әзірлеп, тараптардың қатысушыларымен келісетін болсын.

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК